

**8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
филология докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан
терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы
диссертациялық зерттеуіне
ПІКІР**

Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының тақырбы өзекті.

Дүниежүзілік саяси, экономикалық, мәдени қатынастардың ұлғаюына орай, тілдік қарым-қатынас аясы да кеңейе түсті. Соның нәтижесінде тіл-тілге шеттілдік сөздер мен шеттілдік сөздердің элементтері көптеп енуде. Шеттілдік сөздер қазақ тілінің лексикалық жүйесінен орын алып, қолданылу аясы кеңейіп, жалпыхалықтық сипат алып бара жатқандығы байқалады.

Будан сөздер аузыекі сөйлеу тілімен қоса, бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми отырыс, конференция, симпозиумдарда да қолданылуда.

Тілге енген кірме сөздер теориялық жағынан біраз зерттелгенімен, тілдегі гибридтену құбылысы, кірме сөздерден туған гибрид сөздердің жасалу жолдары, типологиясы, тіл мәдениетіне ықпалы толық қарастырылды деп айта алмаймыз. Демек, ұлттық тіліміздің бүгінгі жағдайында, күннен-күнге қолданысқа белсене еніп жатқан гибрид сөздер тіл дамуына қандай да бір оң ықпалын тигізуде ме, тіл экологиясына қалай әсер етіп жатыр деген мәселелер де түбегейлі қарастырылмаған. Сондықтан да будан сөздердің жасалуы мен мағыналық, құрылымдық ерекшеліктерін арнайы зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Гибрид сөздердің фонеткалық заңдылықтарға сәйкестігін және әдеби нормаға сай қолданылуын лингвоэкологиялық тұрғыда қарастыру жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселені қамтиды.

Диссертант қазақ тіліндегі будан терминдердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін, жасалу жолдарын, қазақ тілінің лексикалық жүйесінен

алатын орнын зерделеуді мақсат еткен. Осы бағытта қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамындағы шет тілдік бірліктер арқылы жасалған будан терминдердің жасалу жолдары мен қолданыс аясына кешенді зерттеу жүргізген.

Будан терминдердің морфологиялық құрылымына да талдау жасап, мысалдармен дәйектеген, сөзжасамдық моделін (үлгісін) жасаған. Қазақ тіліндегі будан сөздердің жасалу жолдары мен деривациялық модельдерін де қарастырып, кірме тілдік негіз бен төл жұрнақтар арқылы жасалған будан сөздердің мол ұшырасатындығына назар аударған.

Зерттеу жұмысында будан терминдердің қазақ тілінің лексикасынан алатын орнын айқындаған. Будан сөздердің сөйлеу мәдениетіне ықпалы мен тіл мәдениетіне тигізетін әсері сипатталған. Сонымен қатар жұмыста будан терминдерді қолданудағы тілдік ауытқулар да талданған. Қазақ тілінде қолданысқа еніп, пайдаланылып жүрген будан сөздердің лексика-семантикалық классификациясы жасалған.

Диссертациялық жұмыста будан терминдердің басым бөлігі синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалатындығы нақты мысалдармен дәлелденген. Жұмыста будан терминдердің жасалуына ықпал ететін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар да сараланған.

Қорыта келгенде, Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы 8D02303 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің қазақ тіл білімі кафедрасының
ассистент профессоры



С.Н.Саменова

РАСТАЙШЫН	
Ғалым хатшы	<i>Н.Е. Тутинова</i>
Н.Е. Тутинова	
20 25 ж. «19» маусым	